



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№23
(2298)
Сенбі
5 сәуір
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте мемлекеттік қызметтерді дамыту мен цифрландыру және көктемгі егіс жұмыстарына дайындық мәселелері қаралды.

Мәжілісте алдымен мемлекеттік қызметтерді дамыту мәселесі қаралып, мемлекеттік органдардың басшыларына мемлекеттік қызмет көрсетуде заң бұзушылықтарға жол бермей жұмыс істеп, оған бақылауды күшейту, сапалы қызмет көрсету жөнінде тапсырмалар берілді.

Жыл басынан бері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының Қазалы аудандық бөлімі арқылы 2594 мемлекеттік қызмет түрлері, оның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы 1238, қызметті берушінің кеңесі арқылы 61 қызмет көрсетілген.

Жиында мұнан кейін күн тәртібіндегі екінші мәселе - көктемгі егіс жұмыстарына



дайындық мәселелері қаралды.

- Биыл ауданда 18245 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру, оның ішінде негізгі дақыл 6436 гектар күріш егу жоспарлануда. Ендігі кезекте көктемгі дала жұмыстарына дайындық шараларын бір пысықтап тұқым дайындау, минералды тыңайтқыштар мен жанаржағармай қорын қалыптастыру,

техникаларды әзірлеуде, осы бастан жұмыс істеу қажет, - деді аудан басшысы.

Мәжілісте аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов биылғы егін егу жұмыстарына дайындық барысы туралы баяндаса, вегетациялық су алу кезеңіне дайындық барысы туралы «Қазалысушар» өндірістік уча-

ске бастығының міндетін атқарушы Нұрлан Жанилов хабарлама жасады.

Жиында аудан әкімі тиісті сала басшыларына егіс науқанына дайындық шараларын жеделдетіп, жоғарыда айтылған мәселелерді тездетіп шешу жөнінде тапсырма берді. Сонымен қатар тиісті мекеме басшысына шаруашылықтармен тығыз жұмыс істеп, су лимитін бөлу мәселесін қолға алуды және өткен жылдан қалыптасқан шаруашылықтардың суға қарыздарын егін егу науқанына дейін шұғыл өндіру керектігін айтты.

Мәжілісте егінге малдың түсу мәселесі де көтерілді.

Осыған байланысты аудан әкімі кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне егін маусымында шамадан тыс төрт түлік малдары бар тұрғындарды елді мекен аумағынан тысқары аймаққа шығару, сондай-ақ тұрғындарға күндізгі, түнгі мезгілдерде малдарына ие болып пада, кезек ұйымдастыру жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

ЖАНҚОЖА БАТЫР КӨШЕСІНЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ САЛЫНУДА



Өткен жылы аудан орталығы - Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр көшесіне кеңейту жұмыстары жүргізіліп, 4 жолақты жол пайдалануға берілген болатын. Сонымен қатар, аталмыш жолдың бойындағы №249 мектеп-лицей мен ау-

дан әкімдігі ғимаратының алды абаттандырылып, «Руханият» сквері салынды.

Мұнымен қоса былтыр жолдың екінші бетіне жасыл белдеу салынып, ағаш көшеттері отырғызылса, биыл аудан әкімінің тапсырма-

сына сәйкес Төремұрат жырау көшесінен бастап аудандық емханаға дейінгі аралығына жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары басталды.

Жанқожа батыр көшесінің бойына жаяу жүргіншілер жолының салынуы оқушылардың білім ордасына, тұрғындардың көше бойында орналасқан аудандық прокуратура, сот, аудандық аурухана мен емханаға және басқада жұмыс орындары мен қажетті орталықтарға қатынауына қолайлы жағдай қалыптастырады. Сондай-ақ, ең бастысы жаяу жүргіншілер жолының салынуы тұрғындардың жол қауіпсіздігін сақтауына үлкен септігі тимек.

АҚТӨБЕ МЕН ҚАЗАЛЫ АРАСЫНДА ЖАҢА ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫ БАҒЫТЫ АШЫЛДЫ

Бүгінде Сыр өңірінің теміржол саласында жолаушыларға ыңғайлы болу үшін бірнеше бағытта нақты жобалар іске асуда. Мәселен, былтыр облыс орталығындағы Қызылорда теміржол вокзалы қайта жаңғыртудан өтсе, Қызылорда - Семей бағытында жаңа вагондар сатып алынып, іске қосылды.

Сонымен қатар, тағы бір қуанышты жаңалық - Ақтөбе облысымен Қазалы ауданының арасында жаңа жолаушылар пойызы бағыты ашылуда.

Бұл пойыз бұрын «Ақтөбе - Шалқар» бағыты бойынша қатынап, енді ұзартылып, Ақтөбеден Қазалыға дейін жолаушыларға қызмет көрсетпек. Бұл бағыттың ашылуы - аудан тарихындағы алғашқы жағдай. Бүгінгі таңда Ақтөбе мен Қазалы арасындағы пойызға халықтың сұранысы жоғары. Сондықтан, жаңа бағыттың пайда болуы аудан тұрғындары үшін өте қолайлы.

Айта кетейік, 6 вагоннан тұратын бұл пойыз Ақтөбе қаласынан 2 сәуір күні жолға шығып, Қазалы теміржол вокзалына 3 сәуір күні келді. Сондай-ақ алдағы уақытта жолаушылар пойызы тақ күндері Қазалы ауданынан Ақтөбе бағытына қарай жүргізіледі.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ

Өзінің бойындағы бар аналық мейірімін, білімін, тәжірибесін шәкірттерінің бойына дарытып, олардың рухани дүниесін байытып, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге дайындай жүріп, олардың білімге деген құштарлығын ояту жолында аянбай еңбек ете жүріп зейнеткерлікке шыққан Кемалқызы Ұлдай Рашева.

Ұлдай Кемалқызы Рашева Жаңақазалы қыстағында 1955 жылы 26 ақпанда дүниеге келген. 1961 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы №421 мектептің бірінші сыныбына қабылданады. Жас кезінен алғыр, зейінді қыз сыныптастарына үлгі болып, жақсы оқыған.

Әкесі Кемал Рашұлы соғыс кезінде машинист болып броньмен елде қалдырылған. Машинист болып жауапкершілікпен жұмыс атқарғаны үшін түрлі марапаттарға ие болған, зейнеткерлікке шыққаннан кейін дін жолына түсіп, Қожаназар, Нұралы мешіттерінде имам болып халықты имандылыққа баулыған. Анасы Зәуре Кенжебайқызы орыс мектебін тәмәмдап, мектепте бастауыш сыныптарға дәріс берген.

Ұлдай мектепте оқып жүріп, түрлі іс-шараларға қатысып, көзге түсіп, дружина советі, қыздар ұйымын басқарып, тағы да басқа қоғамдық жұмыстарға қатысып, мектепті 1971 жылы жақсы бағаларға бітіріп шығады. Талаптанып ұстаз мамандығын қалаған Ұлдай Алматы қаласындағы қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, жақсы оқып, түрлі қоғамдық жұмыстарға қатысып, топ жетекшісі, студенттер советінің төрағасы жұмыстарын атқарды.

Институт атынан Семей қаласына барып орта ғасыр тарихынан «Қызылқұм даласының игерілуі» деген тақырыпта ғылыми жобаға қатысып, өте жоғары бағада қорғап шығады. Сонымен бірге институттағы хор, би үйірмелеріне қатысып, Жамбыл, Шымкент қалаларына барып ғылыми конференцияларда баяндама жасайды.

1976 жылы институтты үздік белгі «Қызыл дипломға» бітіріп, тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Сол жылы өзі оқыған мектепке жолдамамен келіп, еңбек жолын мұғалімдіктен бастайды. Мектепте өзіне дәріс берген ағайлары: Байболат Қарақұлов, Сейіт Тоқтабулатовтардан тәрбие, өнеге, сабақ берудегі әдістерін үйреніп, ұстаздық жолға бағыт-бағдар алады.

Ұлдай мектепті жоғары деңгейге жеткізу үшін шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие беруді басты мақсат санап, сол мақсатпен мүддеге жету жолында тынымсыз еңбек атқаруға кіріскен.

Мектепте өз сабағын бере

жүріп, қоғамдық жұмыстарға қатысып, мектепшілік қыздар ұйымының төрайымы, өз пәні бойыншы секция жетекшісі жұмыстарын абыроймен атқара білді.

Оқушылары тарих пәні бойынша мектепшілік, аудандық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген. Бірге жүрген әріптес апайлары: Күлімбетова Аққағаз, Исаева Запура, Ахметова Бағым, Қазыбаева Бақыткүл, Жақсылықова Тазагүлдермен бірге мектептің түрлі іс шараларын бірге өткізген. Ұлдай сынып жетекшісі бола жүріп әртүрлі тақырыпта тәрбие сағаттарын өткізіп, локомотив, вагон депосының ардагерлерімен үнемі байланыста болып, олардың өмір жолдарымен оқушыларды таныстырып, мамандық таңдауға да өз үлесін қосқан.

Депо ардагерлері: Рыстығұлов Ботабай, Қабылов Ерқосай, Тарғын, соғыс ардагері Әшербай Қазыбаев, ауған соғысының ардагері Бекжанов Құрманғазымен кездесу ұйымдастырып, олардың бастарынан өткізген қиын жағдайларына оқушылар қанық болып, оларға ой салатын. Өйткені олардың барлығы осы мектептен білім алып, мамандықтарын таңдай білген.

Ұлдай Кемалқызының атқарған еңбегі бағаланып, мектеп, білім басшыларының грамоталарымен, алғыс хаттары және бағалы сыйлықтармен марапатталған.

Ұлдай Кемалқызы 2013 жылы зейнеткерлікке шықса да өз күш қуатына байланысты мектеппен үнемі байланыста болып, ардагерлер ұйымының төрайымы сайланып, ардагерлермен өткізілетін іс шараларға қатысып отырады.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Оразғали Бекбановтың хатшысы қызметін атқарады. Ардагерлер арасында әртүрлі тақырыпта баяндама оқып, ұрпақ тәрбиесі, ардагерлердің адамгершілік қасиеттері жайлы әңгімелеп отырған. Ардагерлер арасындағы жұмысы бағаланып, ардагерлердің 30, 35 жылдығы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Отбасында ардақты ана, сүйікті жар, жолдасы Жеткерген екеуі екі қыз, ұл тәрбиелеп өсіріп, олар әр салада еңбек етуде. Бүгінгі күні жетпіске келген Ұлдай немере, шөбере ортасында ардақты да бақытты ата-әже.

Ұстаздық баға жетпес, қайтып келмес жылдарын бала тәрбиесіне арнаған ардақты да қадірменді, қастерлі ұстаздарымызды мақтан етуіміз керек. Өйткені олар уақытпен санаспай, өз баласынан мектептегі оқушыларын артық санайтын жандар.

Жеткербай МАХАМБЕТ

БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ "ПАРЫЗ-2025" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өңірдің барлық кәсіпорындарын Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «ПАРЫЗ-2025» республикалық конкурсына қатысуға шақырады.

Конкурс 2008 жылдан бері өткізілуде. Бұл конкурсқа жеке кәсіпкерлік субъектілер қатыса алады.

Конкурсқа қатысуға:

1) қызметін кемінде үш жыл жүзеге асыратын;

2) таратылу сатысында тұрмаған және банкрот деп танылмаған;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының жойылмаған бұзушылықтары, оның ішінде қызметкерлерге жалақы және басқа да төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ;

4) қызметкерлермен ұжымдық еңбек даулары жоқ;

5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдарды қолдауға бағытталуға тиіс емес әлеуметтік және қайырымдылық қызметті жүзеге асыратын;

6) конкурсқа қатысуға өтінімінде дәйекті мәліметтерді көрсеткен, сондай-ақ құжаттарды толық көлемде ұсынған үміткерлер жіберіледі.

Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз - 2025" конкурсы халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Үміткерлерге конкурсқа қатысу тегін болып табылады. Конкурс екі кезеңде өтеді: өңірлік және республикалық деңгейде. Үміткерлердің өтінімдері жергілікті уәкілетті орган қағаз және электронды тасығышта қабылдайды. Өтінімдерді қарастыру облыстық әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссиясының қорытындысы бойынша құжаттар республикалық комиссиясына жолданылады.

Комиссия ұсынылған материалдардың негізінде жеңімпаздарды анықтайды және мынадай номинациялар бойынша конкурстың лауреаттары атақтарын беру туралы шешім қабылдайды:

"Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын" - бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақыны және әлеуметтік

төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды барынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;

"Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын" - бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;

"Үздік ұжымдық шарт" - бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

"Экологияға қосқан үлесі үшін" - бұл номинацияда қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Гран-при – конкурстың жоғары наградасы жұмыста және корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарын іске асыруда анағұрлым жоғары нәтижелерге қолжеткізген үміткерге беріледі.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер материалдарды екі данада жолдайды:

1) өтінім;

2) үміткердің өз қызметінің деңгейін өзін-өзі бағалауын және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша нақты нәтижелерін білдіретін есебі болады;

Үміткердің есебінде келесі ақпараттар қамтылуы қажет:

Заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тарихы;

Ұйымдық құрылымы; өзге де қосымша сапалы ақпарат;

3) есепке қосымша (ұжымдық шарттың көшірмесі және өзге де құжаттар);

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген және оның интернет-ресурсында орналастырылған нысанда толтырылған сауалнама болуы тиіс.

Құжаттарды қабылдау мерзімі ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін.

Конкурс туралы толық ақпаратты аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінен (23-2-62 байланыс телефоны арқылы) біле аласыздар және құжаттарыңызды осы бөлімге тапсыра аласыздар.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

«АҚТӨБЕ-ҚАЗАЛЫ» БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫ ҚАЗАЛЫҒА ТҰРАҚТАДЫ

Жақында Ақтөбе облысымен Қазалы ауданының арасында жаңа жолаушылар пойызының бағыты ашылған болатын.

3 сәуірде Ақтөбе-Қазалы бағытындағы №630 жолаушылар пойызы Қазалы теміржол вокзалына келіп тоқтады. Қазалылықтар жаңа жолаушылар пойызының алғашқы жолаушыларын ерекше құрметпен күтіп алып, жолаушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Аудан өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, қазақы дәм ұсынды.

Теміржол вокзалында өткен ерекше шараға аудан әкімінің орынбасарлары Мұрат Әбсұлтанов, Жәнібек Алиев және теміржол мекемелерінің басшылары қатысып, жаңа жолаушылар пойызының жолға шығуымен

құттықтады. Сондай-ақ бұл аудан тарихындағы алғашқы жағдай екенін жеткізді.

Жолаушылар пойызына бастапқы кезеңде 6 вагон тіркеледі: үш купе және үш плацкарт. Алдағы уақытта жолаушылар ағыны көбейген жағдайда тағы төрт және одан да көп вагон қосу жоспарланып отыр.

Енді Қазалыдан Қазалы-Ақтөбе бағытындағы №629 пойыз тақ күндері сағат 18:20-да жөнелтіледі және келесі күні Ақтөбеге сағат 07:34-те жетеді. Ал, «Ақтөбе - Қазалы» бағыты бойынша № 630 пойыз жұп күндері сағат 22:25-те жүреді. Келесі күні Қазалы теміржол вокзалына сағат 11:32-де жетеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ АРҚЫЛЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бүгінгі таңда өндірістік бақылау 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV ҚР «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 90 бап, 4 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік бақылау (өзін-өзі бақылау) – Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту мақсатында өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам және оның тіршілік ететін ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге бағытталған, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын іс-шаралар, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені.

Өндірістік бақылауды жүргізудегі негізгі мақсат - жеке және заңды тұлғаның халыққа көрсетіп отырған қызметтерінің (әсіресе азық-түлікті өндіру, сату, оны сақтау, тасымалдау барысында) адам және оның тіршілік ететін ортасы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету, яғни азық-түліктің сапасын және қауіпсіздігін сақтай отырып, объектідегі санитариялық - эпидемиологиялық жағдайын жақсартып отырып, тамақтан улану, жіті ішек жұқпалары және жұқпалы емес аурушандықтардың алдын-алу, объектідегі санитариялық заң бұзушылықтарға жол бермеу; заңнамада қарастырылған санитариялық-эпидемиологиялық іс-шара-

ларды орындау және де тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану орындарында жүзеге асырылатын азық -түліктердің сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитариялық ережелерінің сақталуына өзін-өзі бақылау жүргізіп отыру. Бұл сайып келгенде халықтың денсаулығының жақсаруына тікелей әсер етеді.

Тамақ өнеркәсібі және қоғамдық тамақтану орындарында санитарлық ережелердің сақталуы және алдын-алу іс-шараларының орындалуы үшін өндірістік бақылауды ұйымдастырып, жүзеге асыру жауапкершілігі - кәсіпорын, ұйым, мекеме басшысына немесе жеке кәсіпкерге жүктеледі.

Егер заңды тұлғада немесе жеке кәсіпкерде өндірістік бақылауды жүзеге асыратын зертханасы болмағанда, басқа ұйымдар арқылы келісім шарт бойынша белгіленген тәртіппен зертхана орталықтарымен бірге орындалады.

Өндірістік бақылау жүргізу үшін өндірістік бақылау бағдарламасы әзірленеді және бекітіледі.

Бағдарлама нормалау құжаттарында белгіленген жағдайларда төмендегіше зертханалық зерттеулер мен өлшеулерді қамтиды:

1. Жұмыс орындарындағы, өндірістік алаң аумағындағы өлшеулер;

2. Экологиялық өндірістік бақылау бағдарламасы бойынша санитариялық-қорғаныш аймағының шекарасындағы атмосфералық ауаны бақылау;

3. Тамақ өнімдерімен және сумен жанасатын шикізатты, жартылай фабрикаттарды, буып-түю материалдарын, бұйымдарды бақылау; олардың қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуын бақылау;

4. Медициналық тексерулерден уақтылы және толық

өтуін бақылау, сондай-ақ жеке медициналық кітапшаларды есепке алу;

5. Қауіп факторларын бағалау, анықталған қауіптерді, өндірістік және қоршаған орта факторларының қауіпсіздік және (немесе) зиянсыздық критерийлерін талдау және қауіптерді басқаруды қамтамасыз ету үшін бақылаудың сындарлы нүктелерін айқындай отырып, процестердің (пайдалану, жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, кәдеге жарату, қайта өңдеу, көму) қауіпсіздігін бақылау әдістерін айқындау;

6. Халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын авариялық жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылуы туралы хабардар ету схемасын әзірлеу.

Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өндірістік бақылаудың тиімді жүйесін әзірлейді, құжат жүзінде ресімдейді, енгізеді және жұмыс жағдайында ұстайды.

Тақырыпты қортындылай келе, егер мекеме өндірістік бақылау бағдарламасын дайындап, сол бағдарлама бойынша жүйелі түрде іс-шараларды жүргізген жағдайда сол өндірістік мекеменің санитариялық жай-күйі, жұмысшылардың жағдайы жақсарып, өндірістік технологиялық үрдісті модернизациялау арқылы өндірісте сапалы қауіпсіз нәтижелі көрсеткіштерге жетуге болады.

Зертханалық зерттеулер мен сынақтарды жеке кәсіпкер, заңды тұлға өндірістік зертханалар базасында не Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертханалар-

ды (сынақ орталықтарын) тарта отырып жүзеге асырады.

Өндірістік бақылауды кезкелген аккредиттелген зертханада келісім-шарт негізінде өткізуге болады.

Аудан көлемінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын нығайту мақсатында аккредиттелген зертхана ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесі қызмет атқарып келеді. Өндірістік бақылаудың құны зерттеу көлеміне байланысты және тікелей зертхана прейскуранты бойынша қанша тұратыны туралы мекеме мамандары толық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Аудан көлеміндегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын өндірістік мекемелерді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін, зиянсыздығын қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бақылауға отыруға жауапты болуға шақырамыз!

Өйткені, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 07.07.2020ж. №360-IV Кодексінің 51 бабы, 2, 3 тармағында дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өздері жүзеге асыратын қызметіне сәйкес, өндірістік бақылауды жүзеге асыруға міндетті екендігі көрсетілген.

Сондықтан, өндірістік бақылау бағдарламасын нысан қызметіне енгізу - қауіпсіздіктің кепілдігі екенін ұмытпайық!

А.И. КОСЫМОВА,
«Ұлттық сараптама орталығы»
Қазалы аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі

АУЫЗ СУДЫҢ САПАСЫ ЖӘНЕ АУЫЗ СУҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ ТУРАЛЫ

Ауыз судың сапасы — адам денсаулығы мен өмір сүру сапасы үшін маңызды факторлардың бірі. Көптеген елдерде ауыз су мәселесі басты экологиялық және әлеуметтік мәселелердің қатарында тұр. Қазіргі таңда ауыз су сапасының төмендеуі көптеген аурулардың шығуының себепшісі болып, тұрғындар үшін үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Қазалы ауданы бойынша ауыз су сапасын бақылау тұрақты түрде жүргізіліп, санитарлық талаптарға сәйкестігі қамтамасыз етіледі. «Ұлттық сараптама орталығы» Қазалы аудандық бөлімшесінің мамандары ай сайын микробиологиялық, органолептикалық, химиялық қауіпсіздік көрсеткіштерін анықтайды.

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы 2024 жылы ауыз су сапасына мониторинг жүргізді. Басқарманың бақылауында 27 орталықтандырылған су тарату бекеттері бар. ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр Суы» филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі және «Қазсушар» ШЖҚ РМК

«Сыр Суы» филиалы «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі жұмыс істейді. Ай сайын барлық елді мекендерден мониторинг бойынша микробиологиялық және санитарлық-гигиеналық зертхана тарапынан ауыз су үлгілеріне зертханалық зерттеулер жүргізілді. Жыл сайын жуыпшаю жұмыстары наурыз және қыркүйек айында жылына 2 рет жүргізіледі.

Бекітілген кестелерге сәйкес микробиологиялық зерттеуге орталықтандырылған су тарату жүйелерінен мониторинг бойынша 360 үлгі, санитарлық-гигиеналық зерттеуге 360 үлгі алынып, сәйкессіздіктер анықталмаған.

Ауыз су сапасын жақсарту мақсатында орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінде жуу-тазалау және дезинфекциялау жұмыстары толық көлемде жүргізіліп келеді. Нәтижесінде, халық арасында су факторына байланысты аурушандық тіркелген жоқ.

Ауыз су сапасын одан әрі жақсартудың бірнеше тиімді жолдары бар:

Құбырлар мен станцияларды жаңарту;
Су құбыры жүйелерін заманауи техноло-

гиялармен ауыстыру арқылы су сапасын жақсартуға болады.

Суды өңдеу технологияларын жетілдіру; Химиялық және физикалық тазартуды жақсарту үшін жаңа әдістерді қолдану қажет.

Тұрғындарға су сапасының маңыздылығын түсіндіру, тазартылған суды қолданудың артықшылықтарын көрсету маңызды.

Ауыз судың сапасы — денсаулықты сақтаудың маңызды құрамдас бөлігі. Оның тазалығын сақтау және жақсарту үшін лауазымды адамдар, қоғам және жеке тұлғалар бірлесіп жұмыс істеп, қазіргі заманғы технологияларды қолдануы тиіс. Тек сонда ғана біз таза және қауіпсіз суға қол жеткізе аламыз.

Жалпы, Қазалы ауданында ауыз су сапасы тұрақты бақылауда болып, тұрғындарды сапалы сумен қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар жүргізілуде.

Гүлвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

ІСТЕР НОМЕНКЛАТУРАСЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

Істерді құрастыру үшін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №263 бұйрығына қосымша 2024 жылғы 15 мамырдағы №190-НҚ бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі негізінде істер номенклатурасы орындалған құжаттарды істерге топтастыру, істерді жүйелеу мен есепке алу, олардың сақтау мерзімдерін анықтауға арналған және тұрақты және уақытша (10 жылдан жоғары) сақтаудағы істердің тізімдемесін жасауға, сонымен қатар уақытша (10 жылға дейінгі) сақтаудағы істерді есепке алу үшін негіз болады.

Істер номенклатурасына ұйымда қалыптасатын және ұйымға келіп түсетін барлық құжаттар енгізіледі. Электрондық құжаттар және деректер базалары жалпы істер номенклатурасына талаптар негізінде енгізіледі.

Істер номенклатурасында ұсынылған құжаттың нысаны

тіркеледі – ақпарат жеткізгіші көрсетілген электрондық немесе қағаздағы.

Істер номенклатурасын жасаған кезде құрылтай құжаттары, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттардың үлгілік, салалық (ведомстволық) тізбелері, істердің үлгілік (болжамды) номенклатуралары, құрылым (штат кестесі), жұмыс туралы жоспарлар мен есептер басшылыққа алынады, ұйым қызметінде жасалған құжаттардың түрлері, құрамы және мазмұны зерттеледі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидасының» 26-қосымшасына сәйкес нысанда БҚҚ қызметі (ағымдағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей)

тиісті бөлімшелер ұсынған құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатураларының негізінде жасайды.

Жаңадан құрылған бөлімше бір ай мерзімде бөлімшенің істер номенклатурасын әзірлеп, оны БҚҚ қызметіне ұсынуға міндетті.

Ұйымның істер номенклатурасына БҚҚ қызметінің басшысы қол қояды, ұйымның сараптау комиссиясымен (бұдан әрі – СК), құжаттар тұрақты сақтауға берілетін мемлекеттік архивтің (жергілікті атқарушы органның) сараптау тексеру комиссиясымен (бұдан әрі – СТК) келісіледі және ұйым басшысы (ағымдағы жылдың соңынан кешіктірмей) бекітеді. Егер ұйымның функциясы мен құрылымында түбегейлі өзгерістер болмаса істер номенклатурасы мемлекеттік архив мекемелерімен 5 жылда кемінде бір рет келісіледі.

Ұлттық архив қорының толықтыру көздері болып табылмайтын ұйымдар істер номенклатурасын СТК-ға келісуге ұсынбаса да болады.

Істер номенклатурасы қажетті даналарда басылып шығарылады. Бекітілген номенклатураның бір данасы

оны келіскен мемлекеттік архивте сақталады.

Істер номенклатурасы жыл соңында нақтыланады, оны ұйымның басшысы бекітеді және келесі іс жүргізу жылының 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

А. ОРАҚБАЕВ,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің «Қазалы аудандық архиві» филиалының архивисті

● Хабарландыру

2025 жылдың 7 сәуір күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXVI сессиясы шақырылады.

Сессияның күн тәртібіне «Қазалы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы №91 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе ұсынылады.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.